

Жалпы ережелер

Кез келген мемлекеттің барлық әлеуметтік-экономикалық жүйесін экологияландыру экологиялық проблемаларды табысты шешудің және экологиялық апаттарды болдырмаудың негізі болып табылатынын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр.

Экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде орнықты дамудың міндетті шарты болып табылады және табиғи жүйелерді сақтаудың әрі қоршаған ортаның тиісті сапасын қолдаудың негізі болады.

Осы экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы "Қазақстан-2030" Стратегиясының басымдықтарын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуының Стратегиялық жоспарына сәйкес, Йоханнесбург қаласында өткен Орнықты дамыту жөніндегі дүниежүзілік саммит қарарының және ХХІ ғасырдағы күн тәртібінің негізгі ережелері, қоршаған орта мен даму жөніндегі Рио-де-Жанейро қағидаттары ескеріле отырып, әзірленді.

"Қазақстан-2030" Стратегиясының 1998-2000 жылдарда белгіленген кезеңіне міндеттерді іске асыру барысында 90-шы жылдардың басымен салыстырғанда қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік бақылауды күшейтудің және міндетті экологиялық сараптаманы енгізудің есебінен қоршаған ортаны ластау қарқыны едәуір төмендеді.

Қоршаған орта жай-күйінің нормативтік көрсеткіштеріне қол жеткізе отырып, экологиялық қауіпсіздіктің оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыруды кезең-кезеңімен (2010 жылға дейін) жүзеге асыруды және оның жай-күйін жақсартуды (2010-2030 жылдар) көздейді.

1. Экологиялық қауіпсіздіктің мақсаттары мен негізгі қағидаттары

Экологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясат Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде жүзеге асырылады және табиғи жүйелердің, қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделері мен жеке адамның құқықтарының қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер етудің нәтижесінде туындайтын қатерлерден қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Мемлекеттің экологиялық қауіпсіз дамуы мынадай қағидаттарға негізделеді: экологиялық қауіпсіздіктің аймақтық және жергілікті міндеттерін экологиялық дағдарыстың алдын алудың жаһандық және ұлттық қауіпсіздік мақсаттарына бағындыруға;

адамның денсаулығына және қоршаған ортаға келтірілген нұқсанды міндетті түрде өтеуге (табиғат пайдаланушы мен ластаушы төлейді); өндірістік күштерді дамыту мен орналастыруды экологиялық-экономикалық

теңдестіруге (экологиялық сыйымдылық қағидатына);
кейін экологиялық сараптама жасай отырып, қоршаған ортаға шаруашылық және өзге де қызметтің әсер етуін міндетті түрде бағалауға;
оның экологиялық ақпаратқа қол жеткізуі, қоршаған ортаны қорғау саласында шешім қабылдауға қатысуы мен сотқа жүгінуі жолымен халықтың хабардарлығы және экологиялық проблемаларды шешуге қатысуы;
халықаралық ынтымақтастықта және халықаралық құқық нормаларының сақталуындағы әріптестікке.

2. Экологиялық қауіпсіздік қатерлері және оларды болдырмау жолдары

Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігінің қатерлері (экологиялық проблемалары) олардың маңызы мен шешу деңгейіне қарай жаһандық, ұлттық және жергілікті болып бөлінеді.

2.1. Жаһандық экологиялық проблемалар

К л и м а т т ы ң ө з г е р у і

Қазақстан Республикасы 1995 жылы БҰҰ-ның климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясын бекітті, оны іске асыру үшін атмосферадағы парниктік газдардың шоғырлануын тұрақтандыруға, табиғаттық-климаттық жүйеге қауіпті антропогендік әсер етуге жол бермейтін деңгейде қол жеткізу қажет.

Базалық 1990 жылмен салыстырғанда Қазақстанда парниктік газдардың жиынтық шығарындылары жылына 200 млн. тоннаға төмендегенін ескере отырып, негізгі шаралар осы деңгейі ұстап тұруға бағытталуы тиіс.

1999 жылы Қазақстан осы Конвенцияның Киото хаттамасына қол қойды. Қазақстанның мәлімдемесі бойынша көрсетілген хаттама бекітілген және ол күшіне енген жағдайда Қазақстан парниктік газдарды азайту жөніндегі сандық міндеттемелерді өзіне ала отырып, 1-қосымшаның Тарабы болатыны туралы Конференция талаптары арнайы шешім қабылдады, бұл біздің ел үшін халықаралық инвестицияларды тарту бойынша зор перспектива ашады.

Сонымен қатар, жоғарыда келтірілген факторларды және әлемдік тәжірибені назарға алып отырып, Қазақстанның Киото хаттамасын бекітуінің орындылығына әлеуметтік-экономикалық талдау жасау ұйғарылды.

О з о н д ы қ а б а т т ы ң ж а й - к ү й і

Болжамдар бойынша соңғы бірнеше ондаған жылдары антропогендік қызмет табиғи факторларды, оның ішінде күн белсенділігі циклының әсерін баса отырып, озон қабаты жай-күйінің өзгеруін толық айқындайтын болады. 1973 жылдан бергі бақылау

Қазақстанның үстіндегі озон қабатының қалыңдығы 5-7%-ға жұқарғанын көрсетеді.

Озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясына және Озон қабатын бүлдіретін заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына сәйкес қабылданған реттеу бойынша шаралар озонды бүлдіруші заттар өндірісінің 1986 жылмен салыстырғанда 85%-ға қысқартуға қол жеткізілді.

Біздің ел көрсетілген құжатты бекітті (1998 жылы) және оған сәйкес озонды бүлдіретін заттарды пайдалануды қысқарту мен оларды айналыстан алу жөніндегі міндеттемелерді іске асыру басталды.

Биологиялық әркелкілікті сақтау

Қазақстанның экожүйелері Орталық Азияның және жалпы құрлықтың экожүйелеріндегі биологиялық әркелкілігінің біргеілігімен ерекшеленеді.

Сонымен бірге, антропогендік факторлардың әсерімен Қазақстанда көптеген жануарлар түрлерінің саны азайды және олардың тіршілік ету аясы тарылды.

Биологиялық әркелкілікті сақтаудың негізгі бағыттары:

биологиялық әркелкілігі оны құрылымдық ұйымдастырудың (түрі, популяциялық, биогеоценоздық, ландшафтық және өңірлік) әртүрлі деңгейлерінде жай-күйін бағалау және оның объектілерін түгендеу;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың (ЕҚТА) желісін дамыту және оларды жасанды түрде молайту арқылы сирек түрлерінің табиғи популяциясын қолдау;

жолсыздықтарға жол берілген аумақтарда қазіргі табиғи және антропогендік-ынталандыру процестерінің трендтерін ескере отырып, биологиялық әркелкілікті қалпына келтіру.

Жердің шөлейттенуі мен азып-тозуы

Қазақстанда едәуір жер алаңы (аумақтың 66%-ы) белгілі бір дәрежеде шөлейттену мен азып-тозу процесіне ұшыраған, мұның өзі ауыл шаруашылығы айналымын шығаруға әкеп соғады. Бұл ауыл шаруашылығын экстенсивті жүргізуге, пайдалы қазба кен орындарының кен өндірілетін аумақтарының, тасымалдау мен қайта өңдеу аудандарының мұнай өнімдері мен көмірсутекті шикізаттар және радиоактивті қосындыларымен ластануы туындады.

Көрсетілген процестерді болдырмау үшін:

азып-тозған жерлерді қалпына келтіру және топырақты құнарландыру;

жерді пайдалануды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру;

экологиялық тұрақты жер пайдаланудың экономикалық тетіктерін енгізу қажет.

2.2. Ұлттық экологиялық проблемалар

Экологиялық апат аймақтары (Арал және Семей өңірлері)

Арал және Семей өңірлері экологиялық апат аймағы деп жарияланды, онда қолайсыз экологиялық жағдай салдарынан халықтың денсаулығына елеулі зиян

келтірілді және табиғи экологиялық жүйенің бұзылуы, өсімдік пен жануарлар дүниесінің азып-тозуы орын алды.

Қазіргі уақытта бұрынғы Семей полигонының маңындағы аудандарда (халық саны 71,9 мың адам 85 елді мекен) халықтың онкологиялық ауруының және одан өлуінің, қан айналысы жүйесі ауруының, жаңа туылғандардың арасында дамуындағы кемістіктердің және ерте қартаюға әсер етудің жоғары деңгейі байқалады.

Арал өңіріндегі экологиялық апат аймағында (халық саны 186,3 мың адам 178 елді мекен), әсіресе әйелдер мен балалар арасында асқазан-ішек аурулары мен анемия ауруларының, балалар өлімінің және туа біткен патологияның жоғары деңгейі байқалады.

Проблемаларды шешудің негізгі бағыттары:

экологиялық апат аймағында тұратын халықтың әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайларын кешенді талдау;

Арал өңірі мен Семей өңірі аумақтарын экологиялық бағалауды және ядролық жарылыстар мен өзге факторлардың халық денсаулығына және қоршаған ортаға әсерінің зардаптарын ескере отырып, сауықтыру-оңалту іс-шараларын әзірлеу;

Экологиялық апат аймақтарындағы халықтың ішкі көші-қоны және осы аймақтар аумақтарын шаруашылыққа пайдалану бағдарламаларын әзірлеу.

Каспий теңізі қайраңының ресурстарын қарқынды игеру

Каспий теңізі бассейні мемлекеттерінің көмірсутек ресурстарын кеңінен игеруі теңіз және теңіз жағалауы экожүйелеріне теріс әсер етуінің ауқымын ұлғайтады.

Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2005 жылдың аяғына дейін теңіз экожүйесіне нұқсан келтірмей мұнай өндірудің ықтимал шекті деңгейін анықтау бойынша арнаулы зерттеулер жүргізу, иесіз ұңғы мен басқа да тарихи ластайтындарды жою және алауларда ілеспе газды жағуды тоқтату көзделген.

Қазіргі уақытта Каспий теңізінің коммерциялық ресурстарын пайдалану және Каспийдің экожүйесін қорғау алдағы уақыттағы іс-шараларға қатысты Каспий бойы елдерінің арасындағы өзара іс-қимыл жөніндегі негізгі бағыттар айқындалған Каспий теңізінің теңіздегі қоршаған ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік келісім мен Басым іс-қимылдардың өңірлік стратегиясының жобаларын қабылдау бойынша халықаралық деңгейде жұмыс жүргізілуде.

Қоршаған ортаның халықтың денсаулығына әсері

Адамның ауруларының көптеген түрлері қоршаған ортадағы келеңсіз өзгерістермен тікелей немесе жанама түрде байланысты екені анықталған, бірақ халықтың наукастануының экологиялық факторлармен себеп-салдарлық байланыстарын анықтау мәселелері жеткілікті зерттелмеген күйде қалып отыр. Осыған байланысты медицина экологиясы саласында медицина-бағалау-мониторингтік географиялық зерттеулерді жүргізе отырып, жұмыстарды кеңейту қажет.

"Тарихи" ластанулар

"Тарихи" ластану көздеріне қазіргі уақытта иесіз қалған объектілер: мұнай-газ ұңғылары, шахталар, кеніштер (оның ішінде радиоактивті қалдық бар), қалдық сақтағыштар мен сарқынды суларды жинақтағыштар жатады.

Бұл проблеманың кейбір шешімдері іске асырылып отырған уран өндіру өндірісінің радиоактивті қалдықтарын жою жөніндегі бағдарламаны және иесіз мұнай мен гидрогеологиялық ұңғыларды жою жөніндегі бюджеттік бағдарламада анықталған.

"Тарихи" ластану барлық объектілерінің қоршаған ортаға әсер етуін бағалай отырып, оларды толық түгендеуді жүргізу негізінде оларды жою жөніндегі бағдарламалар әзірлеу, сондай-ақ, тарихи ластанулардың пайда болуын болдырмайтын тетіктерін (жою қорларын және т.б.) енгізу көзделеді.

Шекара аралық сипаттағы экологиялық проблемалар

Шекара аралық экологиялық проблемаларға: суды болу, шекара аралық су объектілерінің, атмосфералық ауаның және топырақтың ластануы, қауіпті қалдықтарды ауыстыру, шекара маңы пайдалы қазба кен орындарын өндіру, бірегей табиғи кешендерді сақтау жатады.

Көрсетілген проблемаларды шешу шекара мемлекеттерінің бірлескен іс-қимылымен халықаралық шарттар шеңберінде белгіленеді.

Әскери-ғарыштық кешен полигондарының әсері

Қазіргі уақытта 4 әскери сынақ полигоны және "Байқоңыр" кешені жұмыс істейді. Қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін жерге құлаған зымыран бөлшектері, жоғары уытты отынның төгілуі және басқа да факторлар қоршаған орта үшін айрықша қауіпті.

Осыған байланысты, олардың қызметінің зардаптарын жою бойынша шаралардың кешенін әзірлей отырып, полигондар аумақтары экологиялық жай-күйінің мониторингі жөнінде жұмыстар ұйымдастыру қажет.

2.3. Жергілікті экологиялық проблемалар

Ауа бассейнінің ластануы

Атмосфераның негізгі ластануы түсті металлургия, жылу энергетикасы, кара металлургия, мұнай-газ кешені кәсіпорындарының шығарындыларына байланысты. Бұл ретте, өндіріс орталықтарындағы халықтың едәуір бөлігі өндірістің зиянды шығарындыларының тікелей әсер ету аймағында тұрады, мысалы, кәсіпорындардың 20%-дан астамының нормативтік санитарлық-қорғау аймақтары жоқ. 10 қала ең ластанғандардың қатарына жатады, олардың 8-інің ауасының ластану деңгейі жоғары.

1993-2000 жылдары атмосфераға зиянды заттардың шығарылуы 5,1 млн. тоннадан 3,2 млн. тоннаға дейін, негізінен өндірістің құлдырауынан қысқартылды.

Соңғы жылдары экономиканың көтерілуі жағдайының өзінде шығарындыларды 3,2-3,4 млн. тонна деңгейінде тұрақтандыруға қол жеткізілді және 2010 жылға дейін оларды жоспарлы төмендетуге кірісу көзделуде.

Су ресурстарының сарқылуы және ластануы

Қазақстан су ресурстарының тапшылығы зор елдер санатына жатады. Қазіргі уақытта су объектілерін кен өндіру, металлургия және химия кәсіпорындары, қалалардың коммуналдық қызметтері қарқынды түрде ластайды. Ертіс, Нұра, Сырдария, Іле өзендері ең лас өзендер.

Республикада бар ресурстарды өзен ағындарын реттеу, ағындарды бассейнішілік және өңіраралық қайта бөлу, жер асты және қайтымды суларды тиімді пайдалану, суды көп қажет ететін өндірістерді шектеу, суды үнемдейтін және су айналымы технологияларын енгізу, сондай-ақ суды бөлу және суды пайдалану саласында суды пайдалану саласындағы өндірістен тыс ысырабын азайту бойынша іс-шаралардың есебінен арттыру және олардың сапасын жақсартуға болады.

Радиоактивті ластану

Қазақстанда алты ірі уран өндіретін геологиялық провинциялар, көптеген ұсақ кен орындары мен уран байқалатын кеніштер бар, олар табиғи радиоактивтік артып кету деңгейіне негіз болады.

Оларды азайту үшін халықтың денсаулығына теріс әсерін кеңінен зерттеу жүргізу және шектеу шараларының кешенін қабылдау қажет.

Уран өндіруші кәсіпорындар мен ядролық жарылыс жүргізілген жерлерде жинақталған қалдықтар қатер төндіреді. Мұндай объектілерде қайта өңдеу бойынша іс-шаралар жүргізу үшін түгендеу және олардың қоршаған орта мен халықтың денсаулығына әсер етуін бағалау жұмыстарды аяқтау қажет.

Елде 50 мыңнан астам істен шыққан иондаушы сәулелердің пайдаланылған көздері жинақталған және 700-ден астам бақылаусыз көздер, оның ішінде олармен жанасқан адамдар үшін 13 көз анықталды. Оларды көму мен тасымалдау проблемасын шешу тиісті қаржыландыруды талап етеді.

Өндірістік және тұрмыстық қалдықтардың жинақталуы

Республикада 20 млрд. тоннадан астам өндірістік және тұтыну қалдықтары, оның ішінде 6,7 млрд. тонна улы қалдықтар жинақталған, бұл ретте олардың өсу үрдісі байқалады. Өндірістік қалдықтардың жинақталуының сандық көрсеткіштерін тұрақтандыру және оларды "тарихи" санатқа аудару жағдайын мүлде жою қажет.

Қатты тұрмыстық қалдықтардың негізгі массасы компоненттерге бөлінбей ашық қоқыстарға шығарылады және жиналады, олардың 97%-ы табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сай емес. Оларды орналастыру мен жайластыру қоршаған ортаға әсерінің жобасы жасалмай және бағаланбай жүзеге асырылады. Республикада тек қатты тұрмыстық қалдықтардың 5%-ы ғана кәдеге жаратылады және өртеледі.

Жергілікті атқарушы органдар қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша

тиісті қызметтер мен кәсіпорындар ұйымдастыру, оларды қайта өңдеу және кәдеге жаратудың қазіргі технологияларын енгізу жөнінде нақты шаралар қабылдауы қажет.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар

1993 жылдан бастап Қазақстанда теріс экологиялық зардаптары бар 270-тен астам ірі төтенше жағдайлар тіркелді, бұл ретте жалпы тікелей материалдық нұқсан 370 млн. доллардан астамды құрады. Оларды болдырмау үшін табиғи және техногендік сипаттағы ықтимал төтенше жағдайлардың экологиялық қатерін бағалау және болжау жүйесін әзірлеу, сондай-ақ олардың зардаптарын жою қажет.

Шекара аралық сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін шекара аралық мемлекеттермен бірлескен іс-шараларды әзірлеу және іске асыру көзделеді.

3. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары экономиканы, заңнаманы және қоғамды экологияландыру болып табылады.

3.1. Экономиканы экологияландыру

Табиғаттың тұрақты пайдаланылуын қамтамасыз ету

Табиғатты пайдаланудың экологиялық қауіпсіздігі өндірістің табиғатқа тәуелділігін азайту және экономиканың зат пен энергия алмасудың биосфералық процестеріне ықпалын кеміту арқылы ресурстық-экологиялық тепе-теңдікті сақтауды қамтиды.

Бұл ретте мынадай :

табиғаттың регенерациялық әлеуетін арттыру;
ресурстарды үнемдейтін технологияларды дамыту;
экологиялық жағынан лас өндірістердің үлесін кеміту;
әзірленетін барлық мемлекеттік, өңірлік және салалық бағдарламаларға экологиялық шарттар мен талаптарды енгізу шаралары қабылдануы тиіс.

Табиғатты пайдалануға жаңа экономикалық тетіктерді енгізу

Табиғатты пайдаланушылардың табиғатты қорғау қызметінің тиімділігі қаржылай көтермелеуді жасау арқылы айқындалады. Табиғатты пайдаланудағы жаңа экономикалық тетіктер баға құрау жүйесіне экологиялық сипаттамаларды енгізуді, табиғатты ақы төлеп пайдалану жүйесін жетілдіруді және міндетті экологиялық сақтандыруды көздейді.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылаудың тиімділігі оны жүзеге асыруда мемлекеттік басқару мен мемлекеттік

органдар деңгейлері арасында жіті ажыратумен айқындалады.

Мемлекеттік бақылау жүйесін одан әрі жетілдіру:

шаруашылық қызметі экологиялық жағынан қауіптіге жататын объектілерде өндірістік бақылау мен мониторингтің деңгейін халықаралық стандарттар деңгейіне ж е т к і з у д і ;

экологиялық аудитті енгізуді көздейді.

Табиғатты пайдалану мен экологиялық сараптаманың рұқсат беру жүйесін оңтайландыру

Әлемнің дамыған елдерінде қоршаған ортаны ластауға рұқсат беру жобалық құжаттамаға экологиялық сараптама жасаудың негізінде жүзеге асырылады, мұның өзі табиғатты пайдаланушылармен жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттырады.

Қазақстанда, қоршаған ортаға әсерді бағалаумен және экологиялық сараптамамен қатар, кәсіпорындар қоршаған ортаны ластауға жыл сайын рұқсат алуға тиіс. Қазірдің өзінде 35 мыңнан асатын кәсіпорындар санының жыл сайын ұдайы арта түсуі құжаттаманы талдауға салғырт қарауға жағдай жасайды. Осыған байланысты халықаралық тәжірибені пайдалана отырып, табиғатты пайдаланушы қызметінің жобалық шарттарының өзгеруін ескере отырып, рұқсаттардың қолданылуы мерзімдерін қайта қарау арқылы рұқсат беру жүйесін оңтайландыру.

Экологиялық мониторинг жүйесін жетілдіру

Қазіргі заманғы бақылау желісі қажетті бақылау пункттерінің тек 20 пайызын ғана құрайды, ал өлшеу аппараттарымен жарақтандыру 40-тан 80 пайызға дейін аралықты қамтиды. Ауыстыруды қажет ететін техникалық құралдар паркінің тозуы қажетті ақпараттың көлемі мен сенімділігінің төмендеуіне әкеп соғуда.

Сонымен қатар, кәсіпорындардың көпшілігі қазіргі заманғы жабдықтармен және мәліметтерді компьютерлік өңдеу құралдарымен жарақтандырылған өздерінің өндірістік мониторинг жүйелерін құруда. Сондай-ақ қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйін бақылайтын көптеген ғылыми-зерттеу институттары, зертханалар, орталықтардың едәуір саны жұмыс істеуде.

Әлемдік практикада мемлекеттік мониторинг жүйесін дамытуда ғылыми және өндірістік мекемелердің тәжірибелері мен мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылуда. Осыны ескере отырып, Қазақстанда геоақпараттық жүйелердің (ГАЗ) негізінде Бірыңғай мониторинг жүйесін құрып, онда мониторингтің барлық кәсіпорындары мен мекемелерін, сондай-ақ өндірістік мониторинг жүйелерін қамту қажет.

Б ұ д а н б а с қ а м ы н а д а й :

экологиялық ақпарат қорын құру;

мониторинг жүйелерінің материалдық-техникалық базасын жаңғырту;

барлық мүдделі мемлекеттік органдардың бақылау, экономиканың салалары үшін талдау жасау және шешімдер қабылдау жүйесіндегі өзара іс-қимылын ұйымдастыру міндеттерін шешу қажет.

3.2. Заңнаманы экологияландыру

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру

Заңнаманы экологияландыру және табиғи ресурстарды пайдалану заңнаманы жүйелеуге әрі жетілдіруге қоршаған орта саласындағы экологиялық қауіпсіздікті әзірлеу мүмкіндігіне бағытталған және ол:

Экологиялық кодексті әзірлеу мүмкіндігін; Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңдарын Еуропа Одағының заңнамасымен және халықаралық құқық нормаларымен жақындастыруды;

экологиялық нормалау жүйесін қайта қарауды;

Қазақстанның негізгі табиғат қорғау келісімдеріне қосылуын көздейді.

Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту

Қазақстанның әлемдік қоғамдастықта неғұрлым кеңінен таныла түсуі орнықты даму қағидастарына негізделген прогрессивті ынтымақтастық пен әріптестік саясатын айқындауды талап етеді.

Осы саясаттың негізгі бағыттары:

халықаралық келісімдердің ережелерін практикада іске асыруды;
қоршаған табиғи ортаның жай-күйінің сапасын бағалау бақылау мен оны бағалаудың жалпы көзқарасын, әдістемелерін, өлшемдері мен рәсімдерін әзірлеуді;
үйлестірілген іргелі және қолданбалы экологиялық зерттеулер жүргізуді;
экологиялық қауіпсіздік проблемаларын шешуде халықаралық тәжірибені пайдаланды;

халықаралық ұйымдар қаражатын қоршаған ортаны қорғау және елдің орнықты дамуы саласындағы нақты бағдарламалар мен жобалардың шешілуіне тартуды жандандыру.

3.3. Қоғамды экологияландыру

Экологиялық білім беру

Қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастырудың негізі ретінде экологиялық білім беруді дамыту үшін:

үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін қалыптастыру;

білім берудің барлық деңгейлерінде экология мен орнықты даму мәселелерін енгізу;

экология саласында мамандарды даярлау, қайта даярлау және кадрлардың біліктілігін арттыру;

экологиялық білім беруді мемлекеттік қолдау қажет.

Экологиялық қауіпсіздікті ғылыми қамтамасыз ету

Экологиялық қауіпсіздікті ғылыми қамтамасыз ету орнықты дамуға көшудің теориялық және технологиялық негіздерін қалыптастыруды көздейді әрі іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеулердің мынадай кешенін қамтиды:

табиғи жүйелердің экологиялық сыйымдылығын және олардың орнықтылық шегін белгілеуді;

экологиялық таза және ресурстарды үнемдейтін технологияларды, өндірістерді, шикізат түрлерін, материалдарды, өнімдер мен жабдықтарды, соның ішінде ауыл шаруашылығында әзірлеуді;

биологиялық әркелкілікті сақтау проблемаларын зерделеуді; климаттың жаһан және өңірлік ықтимал өзгерістерін және оның табиғи орта үшін салдарларын зерттеуді;

экологиялық қатарларды айқындаудың ғылыми негіздерін әзірлеуді; ластанудың алдын алу мен жоюдың, қоршаған ортаны қалпына келтірудің және қауіпті қалдықтарды кәдеге жаратудың құралдары мен әдістерін әзірлеуді; адамдардың ауруы мен қоршаған орта сапасының өзгеруі арасындағы байланысты зерттеуді;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы жинақталған білімді жүйелеуді және ғылыми зерттеулерді үйлестіруді.

Экологиялық насихат және жұртшылықтың қатысуы

Халық арасында экологиялық ақпаратты таратудың экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешуде зор ағартушылық-насихаттық маңызы бар.

Бұл жұмысқа орталық, облыстық және аудандық бұқаралық ақпарат құралдары тартылуда.

Сонымен қатар, ұсынылған материалдардың сапасын, жеделдігі мен өзектілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау қажет. Мемлекеттік органдар бұқаралық ақпарат құралдарында олар бойынша ресми материалдарды жариялап көкейкесті экологиялық проблемаларды жария етуге тиіс.

Экологиялық проблемаларды шешуде барлық мүдделі азаматтардың қатысуының тиімділігін ескере отырып, мемлекеттік органдар олардың экологиялық ақпаратқа қол жеткізуіне қоршаған ортаны қорғау саласында шешімдер қабылдауға және сотқа жүгінуін қамтамасыз етуге тиіс.

Экологиялық насихат пен ағартуда салауатты тұрмыс салтының табиғатпен, экологиялық туризмді дамытумен үйлесімді насихаттау ерекше роль атқаруы қажет.

Үкіметтік емес ұйымдардың экологиялық әлеуетін қоғамдық бақылауды жандандыру, қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу, қоршаған ортаның сапасын жақсарту мәселелері бойынша қоғамдық пікірді қалыптастыруға қатысу арқылы экологиялық проблемаларды шешуге бағыттау қажет.

Экологиялық статистика стратегиялық және индикативтік жоспарлардың, мемлекеттік бағдарламалар мен басқа бағдарламалық құжаттардың орындалу барысын бақылауды жүзеге асыруға, Қазақстанның даму деңгейін, оның әлемдік қоғамдастықтағы орнын белгілеуге мемлекеттік органдар мен жұртшылық қызметінің басым бағыттарын баса көрсетуге жәрдемдеседі.

Алайда, көрсеткіштерді қалыптастырудағы жүйелі негіздің болмауы және олардың аз болуы қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйінің өзгеру серпінін шынайы бағалауға мүмкіндік бермейді.

Осыған байланысты, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласында ғылыми негізделген индикаторлар мен көрсеткіштер жүйесін қалыптастыру қажет.

4. Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын іске асыру

Осы құжаттың ережелерін іске асыру республикалық деңгейде іс-шаралар жоспарларын әзірлеуді, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану саласында мемлекеттік қолдау және реттеу шараларын әзірлеуді және іске асыруды көздейді. Осы құжаттың қоғам мен мемлекет қызметінің жекелеген салаларына және экология саласында мемлекеттік саясатты жүргізу ерекшеліктеріне қатысты ережелерін нақтылау Қазақстан Республикасының мемлекеттік, өңірлік және салалық бағдарламаларын әзірлеу кезінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы қоршаған ортаны орнықты дамыту және қорғау саласындағы жаңа бағдарламалық құжаттар үшін негіз болып табылады.